

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

№19 2021 ж. 24.05.
Кокшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№19 от 24.05.2021 г.
город Кокшетау

«Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 08 сәуірдегі № 14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 коронавирус инфекциясының (бұдан әрі- COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында және «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 30 сәуірдегі №17, «Кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» мобильдік қосымшасын енгізу туралы» 2021 жылғы 22 мамырдағы № 22 Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 08 сәуірдегі № 14 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1) көпшілік іс-шараларын (мерекелік, көпшілік спорт, ойын-сауық мәдени-көпшілік іс-шараларды, форум, конференция т.б. өткізуге), отбасылық іс-шараларды (банкет, үйлену тойы, мерейтой, мерекелік корпоратив, дұға) және көпшілік жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізуге тыйым салуды;

2) ойын-сауық мекемелері (түнгі, ойын клубтар, жабық үй-жайлардағы балалардың ойын алаңдары, аттракциондары мен батуттар және тағы басқалар), букмекер кеңселері және ересектер мен балаларға арналған өзге де ойын-сауық, кальян орындары (оның ішінде қоғамдық тамақтану объектілеріндегі) қызметіне тыйым салуды;

3) мерекелік корпоративтерді ұйымдастыру мен өткізуге тыйым салуды;

4) көрермендердің қатысуымен спорт іс-шараларын өткізуге тыйым салуды;

5) көрмелер өткізуге тыйым салуды;

6) (ашық ауада) марафон өткізуге тыйым салуды;

7) «Ashyq» жобасына қатысатын банкет залдарында өткізуді қоспағанда, дұға өткізуге тыйым салуды;

8) кезекші топтарды қоспағанда, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметіне тыйым салынсын. ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптарын сақтаған кезде **25 адамнан артық емес** мектепке дейінгі балалар мекемелерінің кезекші топтарының қызметіне рұқсат беруді;

9) балаларға ойын-сауық орталықтарының (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар) қызметін тоқтата тұру. **Ашық ауадағы аттракцион қызметіне рұқсат беріледі;**

10) мәдениет объектілер қызметін тоқтата тұруды;

11) кинотеатр, театр, концерт залдары, филармония қызметтерін тоқтата тұруды;

12) бильярд қызметін тоқтата тұруды;

13) караоке қызметін тоқтата тұруды;

14) компьютерлік клубтар қызметін тоқтата тұруды;

15) банкет залдарының қызметін тоқтата тұруды;

16) боулинг қызметін тоқтата тұруды;

17) жүйелі жүрмейтін облысаралық (туристік тасымал) қозғалысын тоқтата тұруды;

18) жүйелі жүрмейтін қалалық (туристік тасымал) қозғалысын тоқтата тұруды;

19) қала маңындағы жолаушылар поездары/электр пойыздарының, **жалпы вагонсыз** жолаушылар поездарының қозғалысына рұқсат беруді;

20) **толтырылуы 30%-дан артық емес** балалар сауықтыру ұйымдары қызметіне рұқсат беруді;

21) ҚР БМСД № 67 қаулыға 3-қосымшаға сәйкес алгоритмді сақтай отырып, (қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған кезде) кеңестерді (отырыс) бетпе-бет режимде өткізуге рұқсат беруді;

22) №67 ҚР БМСДҚ талаптарын сақталған, оларда орналасқан қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жұмысына тыйым салып, бір адамға кемінде 4 ш.м. есебінен, діни объектілер (мешіт, шіркеу, собор, синагог және т.б.) жеке қызметіне рұқсат беру. **Мешіттер, православие шіркеулері және басқа да діни объектілер аумағында ұжымдық діни іс-шараларды, оның ішінде «жұма намазы», күнделікті православиелік дұғалар және басқаларын, ашық ауада өткізу маска режимі мен бір адамға кемінде 4 метр есебінен әлеуметтік қашықтық сақталған кезде жүзеге асырылады;**

23) гүлдер дүкені, фотосалон, кітапхана, мұражай қызметіне рұқсат беруді;

24) сауда аймақтарында (бутиктерде) ҚР БМСД-нің № 67 қаулыға 5-қосымшаға сәйкес әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, 1 адамға 4 шаршы метр орын болған жағдайда азық-түлік және азық-түлік емес ашық базарлардың қызметіне рұқсат беруді;

25) **сенбі мен жексенбіде жабық азық-түлік емес базарлардың қызметін тоқтата тұрып, ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда келушілер санын 30%-дан артық емес және бір келушіге кемінде 4 ш.м. орын сақталған, (базар үлгісіндегі сауда үйлері, сауда орталықтары, павильон, дүкен және т. б.) азық-түлік емес және азық-түлік жабық базарлары қызметіне рұқсат беруді;**

26) ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптарын сақталған келуші санын 30%-дан артық емес бір келушіге кемінде 4 ш.м. супермаркет пен гипермаркет қызметіне рұқсат беруді;

27) **азық-түлік супермаркеттері мен олардағы дәріханаларды, сондай-ақ (вакцина алу үшін алдын ала жазылу шартымен) уақытша егу пункттері ұйымдастырылған объектілерді қоспағанда, ауданы 1000 ш.м. артық сауда ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, сауда орталықтары, азық-түлік емес дүкендер, тауарлары аралас дүкендері (қойма үй-жайларынсыз жалпы ауданы ескеріледі) сенбі және жексенбіде жұмысын тоқтата тұрып, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, келушілер санын 30%-дан асырмай және бір келушіге 4 ш.м., сағат 22-ге дейін жұмыс режимімен сауда ойын-сауық орталықтары, сауда үйлерінің, сауда орталықтары қызметіне рұқсат берілсін. Балалар ойын алаңдары мен аттракциондары қызметіне тыйым салуды;**

28) **көпшілік жиналатын салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық және басқа да іс-шараларды өткізбей, үстел арасындағы қашықтық 2 метрден кем емес және келушілер арасында 1 метрден кем емес қашықтықты сақтаған жағдайда қоғамдық тамақтандыру объектілері қызметіне рұқсат берілсін. ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, объект персоналы қорғау құралдарымен қамтылуы тиіс, персонал бетпердесі жұмысқа жіберілмейді және келушілерге қызмет көрсеткен кезде официанттың қорғау экрансыз жұмыс жасауына рұқсат берілмеуді:**

- дәмхана, мейрамхана типі бойынша, дүкендердегі және (жайлардағы) барлар және т.б. **толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ отыратын орын 30-дан артық емес жұмыс режимі сағат 09-ден 20-ге дейін. Сағат 20-ден 09-ге дейін өнім тек сыртқа шығарылып, сатылады;**

- жазғы алаңдар - толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай, жұмыс режимі сағат 09-ден 20-ге дейін;

- асхана типі бойынша - жұмыс режимі сағат 09-ден 24-ге дейін;

29) **сауда-ойын-сауық орталықтары мен сауда үйлеріндегі фуд-корт (жұмыс режимін сағат 10-ден 22-ге дейін шектеп, тамақты үйге жеткізетін және сыртқа шығаратын қылып) қызметіне рұқсат беруді;**

30) ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, санитариялық нормаларға сай келетін Сәйкестік актісі болған жағдайда клиент залында (4 ш.м. 1 адам және оңтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілей отырып, кресло арасында кемінде 2 метр қашықтық) элеуметтік қашықтық сақталған жағдайда, алдын ала жазылу бойынша сұлулық салондары,

шаштараздар, маникюр және педикюр қызметтері, косметология қызметін көрсететін объектілер қызметіне рұқсат беруді;

31) ҚР БМСД-нің № 67 қаулының талаптары сақталған **алдын ала жазылу бойынша топта 15 адамнан артық емес** балалар кабинеттерінің/түзету орталықтары, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары қызметіне рұқсат беруді;

32) ҚР БМСД-нің №67 қаулының талаптары сақталған, келушілер санын 50%-дан артық емес және бір адамға 5 шаршы метрден кем емес орынды қамтамасыз етіп, **сенбі және жексенбі күндері қызметін тоқтата тұрып**, алдын ала жазылу бойынша фитнес орталықтары, йога орталықтары, тренажер залдары мен спорт-сауықтыру орталықтары қызметіне рұқсат беруді;

33) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған, келушілер санын 50%-дан асырмай және бір адамға 4 ш.м. кем емес (объектілердің ішінде шешінетін орын, гардеробы бар вестибюль, жуынатын орын, бу бөлмесі, демалыс бөлмесіз, ас ішетін орынсыз және жуыну уақытын 60 мин. дейін шектей отырып) қоғамдық монша қызметіне рұқсат беруді;

34) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған бір келушіге 4 ш.м. кем емес және 50%-дан асырмай **сенбі және жексенбіде қызметін тоқтата тұрып**, сауна қызметіне рұқсат беруді;

35) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған, клиент залында бір келушіге 4 ш.м. кем емес әлеуметтік қашықтық сақтай отырып, **сенбі және жексенбіде қызметін тоқтата тұрып**, СПА орталықтары қызметіне рұқсат беруді;

36) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған бір адамға су ауданы 5 ш.м. жеке форматта **сенбі және жексенбіде тоқтата тұрып**, бассейн қызметіне рұқсат беруді;

37) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған туризм объектілері мен адамдар орналасып тұратын салада толықтырылуы **80%-артық емес** қызмет көрсететін ұйымдар (қонақ үй, отель, демалыс үй, туристік база және т. б.) қызметіне рұқсат беруді;

38) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған мемлекеттік органдар (ұйымдар мен кәсіпорындар), квазимемлекеттік сектор органдары, ұлттық кампаниялар, өзге де ұйымдар, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілері қызметіне рұқсат берілсін. Бұл ретте, КВИ таралуы мен алдын алу іс-шараларына қатысатын ұйымдар мен тіршілікті қамтамасыз ететін кәсіпорындардан, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен төтенше жағдайлар қызметі қызметкерлерінен басқа, **штаттық кестеде 20-дан артық қызметкер болғанда, қызметкерлердің кемінде 80%-ы қашықтықтан жұмыс атқарады. COVID-19-ға қарсы толық вакцинация курсы алған және соңғы 6 айда COVID-19 ауруына шалдыққан барлық қызметкерлерге мекемеде жұмыс атқаруға рұқсат беріледі;**

39) № 67 ҚР БМСДҚ талаптарын, аймақтарға бөлу талаптарын және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим сақталған, алдын ала жазылу бойынша медицина орталықтары, стоматология клиникалары мен кабинеттері қызметіне рұқсат беруді;

40) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған дәріхана қызметіне рұқсат беруді;

41) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған үздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіп кәсіпорындары қызметіне, ашық ауадағы құрылыс жұмыстарына, ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы мен мал шаруашылығына рұқсат беруді;

42) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим сақталған алдын ала жазылу бойынша көлік салонында 2 клиенттен артық, ТҚС-да 3 клиенттен артық болмауы керек, тұрақты жұмыс орындары арасында кемінде 2 метр қашықтық болуы келушілерге жанаспайтын қызмет түрлерін көрсету объектілері (көлік жуу, көлік жөндеу, тұрмыстық техника, сағат, телефон, компьютер, аяқ-киім жөндеу, тігін ательесі, кір жуатын орындар, химиялық тазалау, кілт дайындау, тұрмыстық үй принципі бойынша және т.б.) рұқсат беруді;

43) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актілері негізінде уақыты мен санын шектей отырып, қаржы нарығы субъектілері қызметіне рұқсат беруді;

44) № 67 ҚР БМСДҚ-ға 47-қосымшаға сәйкес жалпы білім беру мектептері жұмысына қойылатын талаптар сақталған жағдайда 2020-2021 оқу жылының төртінші тоқсанында:

- оқушылар саны 300-ге дейін контингенті бар, сыныптарда 25-тен артық емес бала санымен қалалық және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқытуға;

- білім мекеме әкімшілігінің шешімі бойынша топтарда 15 адамнан артық емес сабақтан тыс уақытта оқушыларды жеке оқытуға;

- жалпы білім беретін мектептерде мектеп алды сыныптардың, 1 сыныптан 5 сыныпқа дейін қоса алғанда, халықаралық мектептерде 1 сыныптан 7 сыныпқа дейін қоса алғанда, сыныптарда 25-ке дейін бала санымен оқушыларды аралас форматта оқытуға;

- оқу бітіретін сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның 6 күні ішінде аралас форматта оқытуға: пәндердің 70%-ы штаттық режимде, 30%-ы қашықтықтан оқытуға (сыныпта 15 адамнан артық емес, «1 сынып - 1 кабинет» қағидаты бойынша оқыту, санитариялық-дезинфекциялық және маска режимдерін сақтау);

45) колледж бен жоғары оқу орындарының I курс студенттерін екінші семестрден бастап аралас оқытуға рұқсат беруді;

46) № 67 ҚР БМСДҚ-ға 46-қосымшаға талаптары сақталған, ас залында бір мезгілде 60 баладан артық емес, бірақ отыратын орын санынан 50%-дан артық болдырмай, білім мекемелеріндегі қоғамдық тамақтандыру объектілері қызметіне рұқсат беруді;

47) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернат (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернат, дарынды балаларға арналған мектеп-интернат қызметіне рұқсат беруді;

48) бетперде режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан артық емес жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын

табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парк, қорық, резерват және т.б.) баруға рұқсат беруді;

49) спортшылар мен жаттықтырушылар құрамы COVID-19-ға қарсы толық вакцинация курсы алғаны туралы құжат түрінде расталған жағдайда облыстық команда дайындау үшін оқу-жаттығуларын жандандыруға рұқсат беруді;

50) № 67 ҚР БМСДҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес 1 адамға кемінде 4 шаршы метр әлеуметтік қашықтықты сақтау мүмкіндігі есебінен толтырылатын кезде бизнес-орталықтары (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттік, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары қызметтері және т. б.) жұмысын ұйымдастыру;

51) № 67 ҚР БМСДҚ талаптары сақталған, туристік компаниялар, айырбастау пункттері, ломбард жұмысын ұйымдастыру;

52) № 67 БМСДҚ талаптары сақталған жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, сенбі күндері сағат 09.00-ден 14.00-ге дейін шектей, онлайн форматта барынша қызмет көрсете отырып, «Қазпочта» АҚ жұмысына рұқсат беруді;

53) халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі-ХҚКО), оның ішінде мамандандырылған ХҚКО-ның сенбі күндері қызметін тоқтата тұрып, жұмыс күндері (дүйсенбі - жұма) сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, ұйымдастыру. Көкшетау қаласының ХҚКО бөлімдерінде, оның ішінде мамандандырылған ХҚКО-да азаматтарды қабылдауды қатаң түрде Egov.kz немесе 1414 Call-орталығы алдын ала броньдау арқылы жүргізу;

54) «Ashyq» жобасына қатысатын объектілердің қызметі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеу өлшемшарттарына сәйкес болуы тиіс;

55) «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік субъектілеріне ҚР БМСД-нің № 22 қаулысына 4-қосымшаға сәйкес «Ashyq» жобасын ендіруге және қатысуға қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

56) қоғамдық көлікті, такси көліктерін, өнеркәсіп аумақтарын, әуежайларды, балаларға арналған аула алаңдарын, азық-түлік және азық-түлік емес базарларды және басқа да қоғамдық орындарды санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізуді;

57) коронавирус инфекциясы пайда болуының алдын алу бойынша жеке және заңды тұлғалар санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық, шектеу іс-шараларын орындалуының мониторингісін жүргізуді қамтамасыз етсін.

2. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 08 сәуірдегі № 14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Ақмола облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 06 мамырдағы №18 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қызметті жүзеге асыратын Ақмола облысының қалалары мен аудандарының

тиісті аумағындағы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантин шараларын күшейту туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар Қаулыны орындауға міндетті.

5. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халыққа бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен күшіне енеді.

Ақмола облысы
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



А.Мусина

Ақмола облысы Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы «27» мамырдағы
№ 19 қаулысына
1-қосымша

**«Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеу
өлшемшарттары**

№	Объектілер/салалар	Қызыл аймақ
1.	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 07.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат. Сағат 02.00-ден 07.00-ге дейін өнім тек сыртқа шығарылып, сатылады
	Жазғы алаңдар	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
	Фуд-корттар	✓ толтырылуы 20%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай сағат 10.00-нан 20.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
	Банкет залдары** (ас беруді өткізу үшін)	✓ бір адамға кемінде 4 ш. м., бірақ 30 адамнан аспайтын алаңмен қамтамасыз ету, 30%-дан асырмай толтырылған кезде сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
	Банкет залдары ** (мейрамханалар және дәмхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету)	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
2.	Сауналар	+
3.	СПА орталықтары	+
4.	Бассейндер	+
5.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтар, фитнес орталықтар мен йогаорталықтары	+
6.	Мәдениет объектілері (репетиция)	✓ 30 адамға дейін, сондай-ақ екі компонентпен вакцинацияланған адамдар
7.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	✓ 30%-дан асырмай толтыру

8.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ 75%-дан асырмай, бірақ 15 адамнан артық емес толтырылған кезде
9.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ 75%-дан асырмай, бірақ 15 адамнан артық емес толтырылған кезде
10.	Бильярд	✓ сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30%-дан артық емес толтырылған кезде
11.	Компьютерлік клубтар, PlayStation клубтарын қоса алғанда	✓ сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30%-дан артық емес толтырылған кезде. Тек 16 жасқа толған және одан асқан адамдарға рұқсат етіледі
12.	Боулинг	✓ сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30%-дан артық емес толтырылған кезде
13.	Караоке	✓ 50%-дан асырмай, бірақ 30 адамнан асырмай толтырған кезде сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
14.	Көрмелер	✓ бір адамға 6 ш. м. кем емес, бірақ бір уақытта 150 адамнан аспайтын алаңмен қамтамасыз етілген, 70%-дан асырмай толтырылған кезде
15.	Марафондар (ашық ауада)	✓ 30 адамнан артық емес
16.	Көрермендермен спорттық іс-шаралар	✓ 20%-дан артық емес толтырылған кезде
17.	Ерікті қатысушылар (ЖОО, киноиндустрия, банктер, ұйымдар, офистер және басқалар)	жеңілдіксіз
18.	Марафондар (ашық ауада)	✓ 30 адамнан артық емес

«+» - қызметіне рұқсат етілген;

«✓» - қызметіне ішінара рұқсат етілген (шектеулермен);

«-» - қызметіне тыйым салынған;

* - толтыруға қойылатын талаптар ҚР БМСД-ның 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысымен бекітілген объектілерге қойылатын талаптарда айқындалған.

** - банкет залдары ас беруді өткізу үшін және мейрамханалар, дәмхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету үшін жұмыс істейді.